

Ақтөбе қаласы, №16 орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің 2025 жылдың 08 -19 желтоқсан аралығында өткен «Ұлттық құндылық: сөз бен тілдік код» атты онкүндігінің есебі.

Мектебімізде 2025 жылдың 08-19 желтоқсан аралығында қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің «Ұлттық құндылық: сөз бен тілдік код» атты онкүндігі өтті. Онкүндіктің жоспары жасалып, жоспарға сай іс-шаралар өткізілді.

Мақсаты: Оқушыларға ұлттық құндылық ретінде сөздің, тілдің және тілдік кодтың маңызын түсіндіру, ана тілі арқылы ұлттың тарихы, дүниетанымы мен рухани болмысы сақталатынын ұғындыру; сөз мәдениетін дамыту, ұлттық сана мен тілге деген құрметті қалыптастыру.

8 - желтоқсанда «Ұлттық құндылық: сөз бен тілдік код» тақырыбында қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің онкүндік ашылу салтанатын Акмурзина Мария мен Мухамбеталина Мөлдірдің ұйымдастыруымен өтті. Ашылу салтанатында оқушыларға онкүндіктің мақсаты мен міндеттері таныстырылып, тілдің ұлт өміріндегі орны туралы ой қозғау жүргізілді. Іс-шара барысында халқымыздың салт-дәстүрін айшықтайтын киелі киіз үй тігіліп, қонақтарға қазақтың төл ұлттық тағамдары ұсынылды. Бұл көрініс оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген құрметін арттырып, ата-баба мұрасын тануға ерекше әсер қалдырды.

9 - желтоқсанда «QUIZ» зияткерлік ойынды Мухамбеталина Мөлдір мен Тілепбай Гүлмираның ұйымдастыруымен өтті. Ұлттық құндылықтарды насихаттау мақсатында мұғалімдерге арналған зияткерлік ойын ұйымдастырылды. Зияткерлік ойын барысында ұстаздар тіл, сөз мәдениеті және ұлттық дүниетанымға қатысты сұрақтар бойынша өз білімдері мен тапқырлықтарын сынады. Іс-шара мұғалімдер арасында шығармашылық белсенділікті арттырып, ұжымдық бірлікті нығайтуға ықпал етті.

10 – желтоқсанда 3 «Б» сыныбында «Көктөбеге шығамыз» атты ашық сабақты Нагиметова Камшат өткізді. Сабақ барысында оқушылар диалог құру, мәтінмен жұмыс, шығармашылық тапсырмалар арқылы өз ойларын еркін жеткізді. Ашық сабақ мазмұны оқушылардың қызығушылығын арттырып, тілдік қатысым дағдыларын жетілдіруге бағытталды.

11 – желтоқсанда 4 «А» сыныбында «Еңбек адамдары» атты ашық сабақты Жабагина Сұлубике өткізді. Сонымен қатар 7 «А» сыныбында «Еңбекпен келген жеңіс» атты ашық сабақты Ауесова Жанат өткізді. Сабақ барысында түрлі мәтіндермен жұмыс жүргізіліп, пікір алмасу, сұрақ-жауап, шығармашылық тапсырмалар арқылы оқушылардың сөйлеу дағдылары мен ойлау қабілеті дамытылды. Ашық сабақ мазмұны оқушылардың еңбекке деген құрметін арттырып, өмірлік маңызы бар құндылықтарды ұғындыруға бағытталды.

12 – желтоқсанда 11 «Б» сыныбында «Театр – өнер айнасы» атты ашық сабақты Алимбаева Гульнара өткізді. Сабақ барысында театр терминдерімен жұмыс, сахналық көріністерді талдау, пікір алмасу және шығармашылық тапсырмалар орындалды. Ашық сабақ оқушылардың көркем сөйлеу мәдениетін дамытуға, өнерді бағалай білуге және шығармашылық қабілеттерін шыңдауға бағытталды. Сонымен қатар 3 «А» сыныбында «Бәйтерек неге ұқсайды?» атты ашық сабақты Алибаева Томирис өткізді. Сабақ барысында оқушылар сұрақ-жауап, мәтінмен жұмыс, салыстыру және шығармашылық тапсырмалар арқылы өз ойларын жүйелі жеткізді. Ашық сабақ оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, ұлттық құндылықтарды танытуға бағытталды.

15- желтоқсанда «Шебер класты» Мухамбеталина Мөлдір мен Тілепбай Гүлмираның ұйымдастыруымен өтті. Өткізу барысында мұғалімдер арасында тәжірибелік тапсырмалар, көрнекі құралдар мен нұсқаулықтар арқылы оқушылар өз қолымен жұмыс істеп, шығармашылық белсенділігін көрсетті. Шебер класс мұғалімдердің өз бетімен ойлану, іздену және шеберлік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

ЖИ платформасы – білім беру үдерісінде оқыту, бағалау, талдау және білім алушылардың оқу жетістіктерін жетілдіру мақсатында қолданылатын цифрлық ақылды жүйе. Ол оқушының деңгейіне бейімделіп, деректерді талдау арқылы тиімді оқу жолдарын ұсынды.

15 – желтоқсанда 7 «Б» сыныбында «Киім кию мәдениеті» атты ашық сабақты Батырова Ақнұр өткізді. Сабақ барысында оқушылар сұрақ-жауап, талдау, шығармашылық тапсырмалар арқылы киім мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерге қатысты білімдерін бекітті. Ашық сабақ

оқушылардың мәдени құндылықтарды бағалауға, өзіне-өзі сенімділік пен әсемдік сезімін дамытуға бағытталды.

17 – желтоқсанда 5-11 сынып аралығында «Ата – баба өсиеті – ұрпаққа үлгі» атты әдеби кешті Акмурзина Мария мен Нисанова Тыныштықтың ұйымдастыруымен өтті.

Әдеби кештің мақсаты – жас ұрпаққа халқымыздың ғасырлар бойы жинақталған рухани мұрасын, ата-бабадан қалған өсиет, нақыл сөздер мен тәлім-тәрбиелік құндылықтарды насихаттау. Іс-шара барысында оқушылар қазақтың даналық сөздері, мақал-мәтелдері, шешендік сөздері мен ақын-жыраулар шығармаларынан үзінділер оқып, олардың тәрбиелік мәнін ашып көрсетті. Кеш барысында көріністер қойылып, өлеңдер мен әндер орындалып, ата-баба өсиетінің бүгінгі ұрпақ үшін маңыздылығы жан-жақты қамтылды.

Әдеби кеш керемет, әрі қызықты өтті.

18 – желтоқсанда 6-8 сынып аралығында «Өлмейтұғын артына сөз қалдырған» атты әдеби кешті Акмурзина Мария мен Нисанова Тыныштықтың ұйымдастыруымен өтті. Оқушылар конференциясының мақсаты – қазақ халқының ұлы ойшылдары мен ақын-жазушыларының шығармашылығын насихаттау, олардың рухани мұрасын жас ұрпаққа таныту. Конференция барысында оқушылар ақын-жазушылардың өмірі мен еңбектері туралы баяндама жасап, шығармаларынан үзінділер оқиды. Іс-шара оқушылардың сөйлеу мәдениетін дамытуға, өз ойын еркін жеткізуге, әдебиетке деген қызығушылығын арттыруға бағытталған. Конференция жас ұрпақтың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыруға ықпал етті.

19 – желтоқсанда 10 «Ә» сыныбында «Қаныш Сәтбаев» роман – эссе» атты ашық сабақты Ещанова Мәншүк өткізді. Сабақ барысында оқушылар мәтінмен жұмыс жасап, эссе жазу, сұрақ-жауап, талдау және пікір алмасу арқылы өз ойларын жүйелі жеткізді. Ашық сабақ оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін, жазба тілін жетілдіруге және тарихи тұлғаға деген құрмет сезімін қалыптастыруға бағытталды. Сонымен қатар 6 «А» сыныбында «Алтынкемел ұлттық саябағының кереметі» атты сабақты Джабаров Ахат өткізді. Оқушыларға Алтынкемел ұлттық саябағының табиғи байлығы мен ерекше көріністерін таныстырды. Сабақ барысында оқушылар көрнекі материалдармен жұмыс жасап, табиғат ерекшеліктерін сипаттау, сұрақ-жауап және шығармашылық тапсырмалар арқылы өз ойларын білдірді. Ашық сабақ оқушылардың экологиялық мәдениетін арттыруға, табиғатқа құрмет сезімін қалыптастыруға және білімдерін кеңейтуге бағытталды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінде онкүндік өз мақсатына жетті. Пән мұғалімдері өткізген іс-шаралар арқылы оқушылардың сөздік қоры артты, тіл мәдениеті мен ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығы күшейді. Ашық сабақтар, шығармашылық тапсырмалар, зияткерлік ойындар мен сұрақ-жауап оқушылардың ойлау қабілетін дамытуға, өз пікірін еркін жеткізуге, сондай-ақ қазақ тілінің байлығын түсінуге мүмкіндік берді. Осы онкүндік барысында оқушылар ғана емес, мұғалімдер де жаңа әдістемелік тәсілдермен танысып, тәжірибе алмасты. Алдағы уақытта бұл тәжірибе сабақта жүйелі түрде қолданылып, білім беру сапасын арттыруға үлес қосатынына сенімім мол. Онкүндік қорытындысында белсенді қатысқан оқушылар марапатталып, өткізілген іс-шараларға талдау жасалды. Нәтижесінде оқушылардың ана тіліне деген құрметі артып, ұлттық құндылық ретіндегі сөздің маңызын тереңірек түсінгені байқалды.

Қорытындылай келе, «Ұлттық құндылық: сөз бен тілдік код» тақырыбындағы онкүндік өз мақсатына жетіп, оқушылардың тілдік, рухани және мәдени дамуына оң әсерін тигізді.

Қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестігінің жетекшісі: Акмурзина М.Е.

ДОІЖО: Мухамбеталина М.К. 